| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | . | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық топ** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **Желтоқсан айы 1-апта 02.12-06. 12.2024** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 02.12.24ж | 03.12.24ж | 04.12.24ж | 05.12.24ж | 06.12.24ж |
| **Күн тәртібі** | **«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 4- желтоқсан** «Бірлік және ынтымақ» айы:<br>**Апта дәйек сөздері: «Бірлік болмай -тәрлік болмас » мақал** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу .<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу<br>Медбике тексеруі<br>ҚР әнұранын орындау<br>«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру** | . **Ата-анаға кеңес:**<br>Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Кімнің даусы?»**<br><br>**Міндеті:** Балалардың дыбыс тану, сөйлеу мәнерін дамыту.<br><br>**Өткізу тәсілі:** Тәрбиеші немесе бір бала жануардың немесе кейіпкердің даусын салады. Қалған балалар дауыстың кімге немесе ненің дауысына ұқсайтынын табуы керек. Бұл ойын балалардың тыңдау | **«Бірге Ойлаймыз»**<br><br>**Міндеті:** Балалардың топпен жұмыс істеу дағдыларын және бірлесе сөйлеу қабілетін дамыту.<br><br>**Өткізу тәсілі:** Бір бала тақырып айтады, ал қалғандары кезекпен бір-бір сөйлемнен қосып, ортақ оқиға құрайды. Бұл ойын балаларды бірлесе жұмыс істеуге және бір-бірін тыңдауға үйретеді.<br>**Сөйлеуді дамыту және** | **«Сұрақ-Жауап»**<br><br>**Міндеті:** Балалардың сұрақ қою, жауап беру дағдыларын дамыту.<br><br>**Өткізу тәсілі:** Бір бала суретке қарап, екінші балаға сурет бойынша сұрақ қояды. Мысалы, суретте орманда жүрген қоян болса, «Қоян не істеп жүр?» деп сұрайды. Ойын балаларды сөздік қорын байытуға және диалог жүргізуге үйретеді. | **«Қонақ Кәде» Ойыны**<br><br>**Міндеті:** Балаларға қазақ халқының қонақ күту дәстүрі, «қонақ кәде» түсінігі жайлы түсінік беру.<br><br>**Өткізу тәсілі:** Балалар шеңбер жасап отырады, бір бала «қонақ» рөлінде ортаға шығады. Тәрбиеші қонаққа «Қонақ кәде» сұрайды, яғни шағын тақпақ, ән немесе би көрсетуін өтінеді. Қонақ | **«Суреттен Сөз Ізде»**<br><br>**Міндеті:** Сөздерді анық айтып, оларды дұрыс қолдануға үйрету.<br><br>**Өткізу тәсілі:** Балаларға түрлі заттардың суреттері бар карточкалар беріледі. Әр бала суретке қарап, сол заттың атын және оған байланысты басқа сөздерді атайды. Мысалы, «Кітап» - «оқу», «жазу», «білім» сияқты сөздермен байланыстыруға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін және есте сақтауын дамытады **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы** | **көркем әдебиет дағдысы** | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы** | өз өнерін көрсетеді. Ойын балаларды қонақжайлылық пен шығармашылыққа баулиды. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы, Ұлттық құндылықты дамыту** | **Сөйлеуді дамыту және өркем әдебиет дағдысы** |
| | **Мақсаты:** балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу<br><br>**"Қазақстанның табиғатын құрастыру" «Менің Қазақстаным» аясында**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды Қазақстанның табиғатымен таныстырып, елдің әсем көріністерін өз қолдарымен құрастыруға қызығушылықтарын ояту. | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br><br>**«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br>**«Өнегелі 15 минут»**<br>Отбасы туралы өнегелі өсиет айту<br>Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан қомқор болады. | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br>**Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында**<br>**Бейтаныс Заттардан Аулақ Болу:** Ойын алаңында немесе аулада кездескен бөтен заттарды алмау керектігін түсіндіру. | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау<br>**Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында**<br>**«Отпен Қауіпсіздік»**<br>**- Мақсаты:** Оттың қауіптілігін түсіндіру.<br>**- Іс-әрекет:** Балалармен бірге отқа қатысты қауіпсіздік ережелерін (оттың жанында ойнамау, шырақпен ойнамау) айтып, ойын арқылы көрсету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Салмағы бойынша тең және тең емес заттар. - | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Дыбыстық талдау. - дауысты, дауыссыз дыбыстарды | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>. Салмағы бойынша тең және тең емес заттар. -«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалана | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Салмағы бойынша тең және тең емес заттар. -«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалана | Сауат ашу негіздері<br>Міндеті:<br>Дыбыстық талдау. - сөздерді буынға бөле алу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті**<br>Әсем қала – Алматы - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Асықпен ойналатын ойындар. - малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету;<br>-гимнастикалық орындық | ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.<br><br>**1 Сурет салу. (Шығармашылық іс-әрекеттер)**<br>**Міндеті:**<br>Менің сүйікті ертегім. (Акварель бояу)-балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу.<br>-балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру**;**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Орманда серуендейміз. - шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;<br>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**. Міндеті:**<br>Дыбыстық талдау. - дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Хоккей ойнаймыз! (таза ауада) -қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету.<br>-жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**. Міндеті:** | отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту**.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>Біз де ойнаймыз.(Ертегі) - балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Орманда серуендейміз. - шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;<br>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету**.** | дағдыларын бекіту;<br>-тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау;<br>-дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**<br>Керуен. -әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.<br>-өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.<br>Көркем әдебиет<br>Міндеті<br>Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)<br>Сағи Жиенбаев - өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>-көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті:** Біз де ойнаймыз.(Ертегі) -балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу. | **Міндеті:**<br>Аквариумда не тіршілік етеді? -балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру;<br>-құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдықзерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасау;<br>-балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға үйрету. | Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)<br>Сағи Жиенбаев -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын,<br>тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту;<br>-ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу**.** | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Қыс қызығы -қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету;<br>-жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. | қатынасын,<br>тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту;<br>-ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен Таныстыру**<br>**Міндеті:.**<br>Аквариумда не тіршілік етеді.балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру;<br>-құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдықзерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасау;<br>-балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру.<br>Балалардың назарын | **Бұрқасынды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақал.<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>**Ырым.**<br>Қыста бұрқасын көп | **Қар басуын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>(қар)<br>Болжау.<br>Қар түссе - күн жылынады | **Күннің көзін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі)<br>**Бақылау:** қыс мезгілінде | **Аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,<br>Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.<br>Жаһанның жерін, суын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br>**Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып | болса, жазда жауын-шашын болады.<br>**Бақылау:** бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>**Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | **Бақылау:** балаларға қардың жауғаны жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br>**Қимылды ойын: «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атып, дәлдеп лақтыруға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек:** күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар:** тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>**Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.<br>**Еңбек:** құстарды тамақтандыру. Қыстап қалған құстарды коректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу, оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу.<br>**Өз бетімен ойындар:** бір-бірімен тіл табысып, тату ойнауға тәрбиелеу. | жәндіктерін,<br>Іші кең, бәрін салса толмайтұғын. (аспан)<br>**Бақылау:** балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту. Аспан қыс басында ашық бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында аспан көкпеңбек, өте әдемі, таза болады.<br>**Қимылды ойын: «Ұйымдастырушылар». (дене шынықтыру)**<br>Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттық ойын түрлерін көрсетудегі қозғалыс түрін білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынталы болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ағаштардың жиектерін қармен жабу. Өсімдіктерге құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбектің мәнін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін). Еңбек ету дағдыларын дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** табиғат жағдайын есепке ала, іс әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды тәртіпті қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену.\<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы | **Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар).**<br>Мақсат-міндеттер. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту.<br>Шарты.<br>Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.<br>- Лас - (Таза).<br>- Қараңғы - (Жарық).<br>- Түн - (Күндіз).<br>- Ылғалды - (Құрғақ).<br>- Жаңбыр - (Қар).<br>- Аспан - (Жер).<br>- Таң - (Кеш).<br>- Су - (Мұз).<br>- Су - (Бу).<br>- Жаз - (Қыс).<br>**(қарым-қатынас іс-** | **Дидактикалық ойын «Сыңарын тап».**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын: "Айдапсал".**<br>Мақсат-міндеттер. | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | **«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>**«Заттарды салыстыру».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету.<br>Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. | **әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын: "Соқыр теке"**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз,<br>Орамалмен көзін байлаймыз.<br>Қалғанымыз оны түртіп қашамыз,<br>Тым қырағы, сақ боламыз аса біз.<br>Ұмтылады ол оң мен солына,<br>Тырысамыз түспеуге оның қолына.<br>Кім ұсталса, соның көзі байланар,<br>Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың зейінін, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойнаушылар екі топқа тең бөлінеді де, бірінші топ үйдің сыртына шығып, екінші топ үйде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша, сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді, т. б. өнер көрсетеді. Келесі жолы екі топ орындарын ауыстырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | **"Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар.<br>Ойынның барысы: балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады.<br>Жуан - жіңішке<br>Кең - тар<br>Биік - аласа<br>Үлкен -кішкентай<br>Ұзын -қысқа<br>Ұғымдарын үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қызықты логикалық есептер шығару.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. **(танымдық іс-әрекеті)** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балаларды ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | . Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; зейін мен жадын белсендіру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру. Мақсат-міндеттер. | **Көгершіндерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратындығын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. **Зерттеу.** Көгершін мен тоқылдақты салыстыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** балабақша аумағында | **Теректі бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру. **Зерттеу.** Лупа арқылы жаңа түскен жапырақты қарау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту. Мақсат-міндеттер. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Бағбандар", "От | **Маусымдық өзгерістерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттер. Орындалған жұмысқа сүйсініп, қуануға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** **"Үйсіз қоян".** | **Жаяу жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. . (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың тамырына түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау. Мақсат-міндеттер. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу. | жемшашарларды ілу. Мақсат-міндеттер. Еңбек әрекеттерін орындауға үйрету. | жағушылар". Мақсат-міндеттер. Педагогтың белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру. | Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. . | **ойындары. (дене шынықтыру) "Бағдаршам".** Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді. |